



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Алматы қаласы Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Управление по развитию языков, архивов и документации города Алматы

Казахский государственный женский педагогический университет
Факультет казахской филологии и мировых языков
Кафедра казахской литературы

Almaty city department of language development, archiving and documentation

Kazakh State Women's Teacher Training University
Faculty of Kazakh philology and world languages
The chair of Kazakh Literature

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған
**«Қазақстан Республикасындағы
мемлекеттік тіл саясаты
және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея»**
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции:
**«Государственная языковая политика
Республики Казахстан и национальная идея
в казахской литературе»**
посвященная к 550-летию казахского ханства

MATERIALS

Of International Scientific and theoretical conference on
**«The state language policy of Kazakhstan
and the national idea in the Kazakh literature»**
devoted to 550 anniversary of Kazakh Khandygy

АЛМАТЫ 2015

ЕРТЕГІЛІК СЮЖЕТТЕР МЕН МОТИВТЕР ЖӨНІНДЕ

Әуесбаева П.Т.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к., доцент Алматы қ., Қазақстан

Фольклордың барлық эпикалық жанларының басты белгісі сюжетке құрылуында. Әрине сюжет әр жанда өзіндік бітімімен, яғни жандың мазмұны мен мақсатына байланысты ерекшеленеді. Мәселен, ертегі сюжетінің ерекшелігі не деген сұраққа орыс фольклортануында өткен ғасырдың басында-ақ жауап табылған. Бұл жөнінде 1930 жылдары айтылған зерттеуші А.И.Никифоровтың пікірі ертегінің негізгі ерекшелігін тани білгенімен бағалы.

«Сказки – это устные рассказы, бытующие в народе с целью развлечения, имеющие содержанием необычные в бытовом смысле события. Фантастические, чудесные или житейские и отличающиеся специальным композиционно-стилистическим построением» [1, 7]. Сондай-ақ, орыстың белгілі қаламгері В.Г. Белинскийдің мына пікірінде де ертегінің өзіне ғана тән жанрлық ерекшеліктері белгіленген:

«...не только не гонялся за правдоподобием и естественностью, но еще как будто поставлял себе за непрременную обязанность умышленно нарушать и искажать их до бессмыслицы» [2, 355].

Әрине ертегінің жанрлық болмыс-бітімін арнайы қарастырғанда ғана оның фольклордың өзге жанларынан бөлектейтін заңдылықтары анық. Ертегі сюжеті мен оны құрайтын бөлшектердің мән-маңызын тереңдей қарастырған ғалым В.Я. Пропп: «Сказка есть нарочитая и поэтическая фикция. Она никогда не выдается за действительность» – деп алғашқы еңбектерінде-ақ анықтаған болатын [3, 87]. Фольклортану ғылымында оқиғаның болған болмағаны, яғни сюжет құрайтын оқиғаларға сену, сенбедің рөлі жайында бірқатар ғалымдар пікір білдірген. Ал қазақ ертегілерін әлемдік заңдылықтар негізінде зерттеген С.Қасқабасов ертегілердің тарихи-генетикалық даму жолын мифтен бастап, жалпы прозалық фольклордың өзін айқындайтын айырым-белгілерін ажыратқан. Бұл әдістің ғылыми маңыздылығын эпостанушылар да құптап, одан әрі жалғастырып әкеткен. Мәселен бұл жөнінде Ш.Ибраев:

«Ертегі миф оқиғасын толық пайдаланды. Бірақ оны қиял дүниесіне көшіріп, байырғы адамдар енген түсініктер мен дүниетанымды ғажайып, фантастикалық ұғымдарға ауыстырды. Бұл ең алдымен оқиғаның болған, болмағанын дәйектейтін мезгіл мен мекен өлшемдеріне қатысты болатын. «Бар екен де, жоқ екен...», «Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде...», «баяғы өткен заманда...» деп басталатын сөздердің ә дегендегі шарттылығы көзге ұрады. Сөз болғалы отырған оқиғаға сенбеуге болатындығын ертегінің өзі баса көрсетеді» – деп тұжырымдайды [4, 65].

Ғалымдар анықтап көрсеткендей, сюжеттің екі жақты қызметі бар. Фольклорлық шығарманың ұлттық дәстүр үрдісіндегі даму жолы мен оның көп халықтарға ортақ белгілері алдымен сюжет арқылы көрінеді, сондықтан эпос, ертегі жанларының поэтикасы мен типологиясын қарастыруда зерттеушілер алдымен сюжетті негізге алады. Сюжет көп қырлы, алуан ірімді оқиғалардың жиынтығы ғана емес, ол – фольклордың көркем жанларының негізгі өзегі.

«Алайда ертегі мен эпостық жанлардың сюжетін іс-жүзінде мотив пен кейіпкерлердің қызметіне /функциясына/ жіктеп қарастыру фольклорлық зерттеуде біраздан бері орын алған. Мұның себебі: сюжетті құрайтын санқилы оқиғаларды жіктеп таратып, олардың ішіндегі бір-біріне сәйкес келетін белгілерін бірыңғай жинақтауға мотивтің қолайлы болуында» [4, 65].

Мотивтің қызметі туралы орыс ғалымы Б.Н.Путилов жан-жақты дәйектеген: «Мотив выполняет одновременно по крайней мере три постоянные функции: конструктивную,

динамическую и семантическую; он выступает как организованный момент сюжетного движения и несет свои значения, определяющие содержание сюжета. Но у мотива есть еще одна очень важная функция, обусловленная заложенными в нем способности к изменениям, варьированию, трансформациям, к взаимным замещениям: эту функцию можно было бы называть продуцирующей» [5, 140].

Сондай-ақ, В.Я.Пропп ертегіге өзгеше жолмен келіп, мотивті кейіпкерлердің қызметімен байланысты алып, ал сюжетті мотивтердің жүйесі және нақтылы образдардың тарихи қызметімен сабақтас алып қарастырды [6, 18]. Ертегінің сюжетін құрайтын негізгі элемент мотивтер болса, мысалы қиял-ғажайып ертегілеріндегі оқиға бас кейіпкердің түрлі іс-әрекетінің жиынтығынан құралады. Ол қарапайымнан күрделіге қарай үдемелі жолмен өрістей түседі. Мәселен, кейіпкердің алғашқы іс-әрекетіне себепкер болған себептер (жоғалып кеткен бауырларын іздеу, қалыңдығының хабарын есту, қалыңдықтың талаптарын орындау, қайын атасының талаптарын орындау, жауыз күштермен күресу сияқты қат-қабат оқиғаларды бейнелейтін мотивтер әр ертегі сюжетінде әр түрлі ерекшелігімен көрінеді. Алайда ертегі сюжетінде олардың әрқайсы – жеке-жеке тұрған оқиғалар тізбегі емес, жалпы жанрлық түр сюжетінің драмалық мазмұнын бейнелейтін маңызды бөлшектер. Бұл жөнінде ғалым Н.М.Ведерникованың: «Каждый предшествующий мотив поясняет последующий, подготавливая события основного, кульминационного, который передает наиболее драматический момент сюжетного действия» дейтін пікірі көңілге қонады [7, 36].

Ертегі сюжетіндегі мотивтердің ұлттық сипатымен қатар жалпы түркі-монғол халықтарына ортақтық сипаты да басым. Әрбір халық өзінің тарихи дамуы нәтижесінде өзімен туыстас, іргелес елдердің алдыңғы қатарлы озық рухани мәдениетінің элементтерін қабылдады. Осындай байланыс әсері фольклорлық жанрлардың, соның ішінде ертегілердің сюжетін құрайтын элементтерді де тудырды. Түркі тектес халықтардың фольклорындағы ортақ мотивтер мен сюжеттердің генетикалық сипаты басым. «По наличию мотивов волшебные сказки тюркоязычных народов Советского Востока можно классифицировать следующим образом: с оригинальными мотивами; с синкретизированными мотивами; с мотивами, подверженными трансформации» [8, 216-219].

Қай халықтың фольклорына да енген мотивтер мен сюжеттер трансформацияға ұшырап, сол халықтың салт-дәстүрлеріне бейімделеді. Ертегілер ауызша туылып, ауызша тарағандықтан, әрбір ұлттың өзінің топырағында өзіндік ерекшелігімен дамып жетіледі. Түркі халықтарының түпкі туыстық негізіне қарамастан, бөлек болмыс иеленуі де заңдылық. Алайда түбі бір туыс түркі халқынан бөлек жұрттармен де ортақ мотивтердің көрініс табуы жалпы адамзат басынан өткерген тарихи-әлеуметтік дамудың әсері. Мысалы, әлем халықтарының көпшілігінің басынан өткерген көне отбасылық әдет-салттар («эндогамия», «экзогамия», «полигамия», «сорората», «левирата») – өгей шеше мен өгей қыз мотивтерінің пайда болуының негізі. Әрине, көркемделген ертегі сюжетінде оқиғалардың драмалық сипатын күшейтіп, тереңдей зерделеуде зерттеушіден басқаға беймәлім бұл мотивтерді тудырған адамзат басынан өткерген түрлі салт-сананың сипаты жөнінде А.Н. Веселовский: «Под мотивом я разумею простейшую повествовательную единицу, образно ответившую на разные запросы первобытного ума или бытового наблюдения», – дейді [9, 143].

Белгілі бір рудың өз ішіндегі, алғашқы қауымдағы жабайы неке-эндогамияға негізделген әкенің қызға, ағаның қарындасқа бас қосум туралы мотив қазақ ертегілерінде кездеспейді деуге болады. Ал біреп-саран болса да өзге халықтарда бұл сақталған. Мысалы, өзбектің «Малика мен Дилором» ертегісі «Орзигул» дастаны, түркіменнің «Сестры (Апали-Синли)», әзірбайжанның «Қарақаш», славян халықтарының «Безручка», «Брат и сестра», «Оклеветанная девушка» ертегілерінде осы сананың сілемдері байқалады [10].

Ал бұл некенің өзгере келе ағайындылар арасындағы бір қалыңдыққа таласуын тудыруы, мысалы, үлкен ағалардың «кіші ұлдың қалыңдығына көз салу» мотиві – көптеген халықтардың ертегілеріне кең тараған мотив. Бұған қазақпен әзірбайжанның «Малик-Мамед», өзбектің «Булбулгул», «Кенже батыр», түркіменнің «Қаражо батыр», қарақалпақтың «Жансон» т.б. ертегілерін салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

Матриархат өркендеп, кемелденген кездегі неке түрі – күйсудің әйелдің руына өтуі дара некенің (топтық емес) пайда болатын қоғамдық дамудың бір сатысы болып табылады.

Бұл қазіргі Африка, Индонезия, Солтүстік Америкада сақталған. Яғни, анаеркі дәуірінде неке әйелдің бастамасымен іске асып, әйел бүкіл өз тағдырының қожасы болады да, күйсеу оның барлық шарттарын орындауы тиіс болады.

«Өзбектің Кенже батырындағы» кейіпкердің қайнап жатқан судан жүзікті алып шығуы, түркіменнің «Апалы-сіңлісіндегі» ағайынды қыздардың үш түрлі шарт қоюы, қазақтың осы тақылеттес мотивтерімен тамырлас. Өндірістің дамып, көшпелі өмірмен қатар отырықшылықтың орын алуы ерлердің рөлін арттырып, патриархалды некенің нығайуын тугызған кезеңде әйел еркектің отбасында қалу міндеттелді. Демек, мұнан шығатын түйін: мотивтердің пайда болуы мен дамуы сан мыңдаған ғасырлар бойы жүріп отырды. Көне мотивтер өзгерді, байыды, жаңғырды, өзге халықтардың фольклорымен байланыс нәтижесінде түрленді.

«Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы» атты мақаласында ертегі кейіпкерінің (көркемдік дәстүрге сәйкес) өмірі мен бастан кешетін оқиғаларына байланысты сюжет дамуының басым көпшілігіне тән ортақ заңдылықтарды С.А.Қасқабасов былайша жүйелейді:

«Перзентсіз хан (бай, кемпір мен шал) көп жылы бала тілеумен жүреді. Әр түрлі себептермен әйелі төстік жейді, әулие-әнбиелерге сыйынады т.б., ханым (бәйбіше, кемпір) екіқабат болады. Зарыға күткен бала туғанда, патша (бай, хан) үйде болмайды. Себебі ол баланың даусын естігенде, қуаныштан жүрегім жарылып кетер деп, кетіп қалады: жорыққа, немесе аң аулауға шығып кетеді.

Бала туып, керемет болып өседі. Ол – өте күшті, ақылды және сұлу бала. Ержеткен соң, ол әр түрлі ерлік істейді, көбінесе өзінің қалыңдығын іздеп шығады (күні бұрын айтырып қойған, немесе түсінде естіп, ғашық болған).

Ғашық жарын іздеп бара жатып неше түрлі ғаламатқа ұшырасады: жеті басты айдаһарды, жалғыз көзді дәуді, жалмауыз кемпірді т.б. женеді. Олардың кейбіреулері оған дос болады.

Шаршан-шалдығын жарының еліне жетеді. Бірақ қыздың аулына ашық келмейді. Ол (жолда біліп алып) тазша кейпінде, қойшы болып келеді де болашақ қайын атасының малын бағадан не басқа тапсырмаларын орындап жүреді. Әдетте, қыз да оны сезіп жүреді. Екеуі бірін-бірі танып, қашпақ болады. Бірақ қыздың әкесі, аулындағы сөз айтып жүрген жігіттер наразы.

Жігіт олардың қойған шарттарын орындайды, немесе соғысып, ерлікпен жеңеді де, қайын атасының тағына отырып, сол елді билейді.

Арада біраз уақыт өткеннен соң жігіт әйелін ертіп, өз еліне келеді» [11, 175].

Яғни ертегі кейіпкерінің отбасын құру мақсаты мен жалпы өмір жолы ертегі поэтикасына сай көркемделіп, дәріптеледі. Бұл сюжеттер түрлі қосымша эпизодтармен толықтырылып, аясы кеніді. Кейіпкердің алдынан кездесетін бөгеттер мен қиындықтар, оны жеңу жолындағы түрлі іс-әрекеттер, қарсы жауларының түрлі типтерінің кездесуі мұның барлығы осы сюжет аясында дамып, өрбиді. Мәселен, «Ертөстік» ертегісінің сюжеттік негізгі желісін (фабуласы) былайша сипаттауға болады:

1) «Перзентсіздік зары». Кейіпкердің дүниеге келуінен бұрын ата-анасының жағдайы суреттеледі. Ерназар деген төрт құбыласы сай байдың жұт жылы 8 баласының сапарға кетіп, оралмауы, қарт ата-ана халінің нашарлауы.

2) «Ғайыптан туу мотиві». Ертегі кейіпкерінің шаңырақта асулы тұрған төстікті жеген соң, яғни ғайыптан пайда болуы.

Ертөстіктің жалмауыздан қашуы, жер астына түсуі, түрлі сынақтардан өтуі, жылан Бапы ханның еліне сапары, самұрықпен кездесуі, жер бетіне шығуы, Шойынқұлақпен күресі, еліне оралуы сияқты басты-басты сюжеттік желіге негіз болатын мотив-сөздердің де мәні зор.

Ал сюжеттік оқиғаға себепкер болатын мотив-сөз «Ертөстік» ертегісінде былайша беріледі:

«Өрмек тоқып отырған кемпір: «Алда ғана, көк шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке бүйтіп, жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып алсаң болмай ма!» – деп қарғап-сілейді [12, 11].

Осы бір ауыз сөзден кейін-ақ, кейіпкердің қалыпты өмір тіршілігіне өзгеріс еніп, құпияны білуге құмарлығы артады. Сюжет алдындағы үлкен оқиғаларға түрткі болатын мотив-сөз кейде бірнешеу болып, қат-қабат қызмет атқарады. Талданып отырған ертегідегі екінші мотив сөзден кейін нақтылы әрекет басталады. «Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала өліп қалады. Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаман қарғап-сілейді.

– Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлің жеткенше, айдалада тентіреп өлген сегіз ағанның қураған сүйегін тауып алсаң болмай ма! – дейді. Кемпірдің сөзі Төстікке ой салады. Шешесінен ағаларын сұрайды. Шешесі айтады: «Сегіз ағанның бары рас еді, жұт жылы кетіп еді, содан қайтқан жоқ, қайда жүргендерін білмейміз», – дейді [12, 13].

Аталмыш ертегіде кейіпкер сапарының қым-қиғаш оқиғаларға толы күрделі болатындығын баяндайтын жолдардан да бірнеше сюжеттік қабаттардан тұратындығы аңғарылады.

«Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап, үйін береді де, Төстік жолға шығады. Беліне садақ байланады, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киеді. Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды» [12, 11].

Ертегі композициясындағы сюжеттердің құрылымы мен сипаты жанрлардың өзгерісін тудыратындығы қазақ фольклортану ғылымында жеткілікті дәлелденген. Тұрмыс-салт ертегілерінің және қиял-ғажайып ертегілерінің мотивтеріндегі үндестік сырын ашу міндеті де сюжет пен мотив мәселелерінің сан түрлі күрделі табиғатын танытады.

Қорыта келгенде, ертегі сюжетінің тартысты, шытырман оқиғалылығы мен тартымдылығы осы аталып өткен заңдылықтардың біртұтас қызметінің арқасында жүзеге асады.

Резюме

Данная статья посвящена научному обоснованию сюжетных слоев и некоторых проблем мотивов, составляющих сюжеты эпического жанра – сказок

Summary

This article focuses on scientific substantiation of the plot layers and motives of some of the problem make up stories of the epic genre - fairy tales

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Никифоров А.И. Сказка, ее бытование и носители // Вступит.сл. Кашица О.И. Русские народные сказки. – М-Л, 1930.
2. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. – М., 1954. т. 5.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – М., 1976.
4. Ибраев Ш. Эпос әлемі. – А. 1991.
5. Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Л., 1988.
6. Пропп В.Я. Морфология сказки. – М., 1969.
7. Ведерникова Н.М. Русская народная сказка. – М.: Наука, 1975.
8. Костюхин Е. Сказки // История казахской литературы. Т 2. – Алма-Ата, 1968.
9. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л., 1940. АА №706, А.983.
10. Қасқабасов С. Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. – А., 1972.
11. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 75-том: Батырлық ертегілер. – Астана: Фолиант, 2011. – 424 б.

М А З М Ұ Н Ы / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

Әлиев Б.А. – Кіріспе сөз.....	3
-------------------------------	---

БАЯНДАМАЛАР/ДОКЛАДЫ/REPORTS

Раджабова Б. – Навоий ижодида тарихий-хуқуқий атамалар	4
Ысқақұлы Д. – Ұлттық идея және тіл, әдебиет.....	10
Ісімақова А.С. – Әуезов прозасы: концепт және дискурс	13
Тымболова А. – Мемлекеттік тілді мәңгілік тілге айналдырудың тетіктері.....	16

БІРІНШІ СЕКЦИЯ / ПЕРВАЯ СЕКЦИЯ / FIRST SECTION ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ

ТЕНДЕНЦИЯ РАЗВИТИЯ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ A PROCESS OF DEVELOPING SPIRITUAL VALUES IN KAZAKH LITERATURE

Қалижанов У.Қ. 1990-жылдар әңгімелеріндегі ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар	19
Али Аббас Чынар Türkiye’de yesevilik: türkiye alevi/bektaşlığının meydana gelmesinde yesevilik	24
Шабан Айдоғду Анадолы түрік ертегілерінің жанрлық және тақырыптық ерекшеліктері.....	27
Мұхаммедкерімұлы М. Таңжарықтың ақындық таланты	33
Ыбырайым Б. Тарихи кезең және тағдырлар.....	37
Пірәлі Г.Ж.«Оскен өркен» романы мен жазушы жолжазбаларындағы ұлттық мүдде мәселелері.	41
Ержанова С.Б. М.Ж.Көпеев шығармаларының діни сипаты.....	45
Асылбекұлы С. Т.Ахтанов романдарындағы соғыс тақырыбы: замана шындығы және көркемдік көрініс	50
Зайкенова Р. З., Балтабаева Н.С. Қазақ романдарындағы тәуелсіздік идеясы.....	52
Ахмет К. Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы алғашқы зерттеу.....	56
Орда Г. Қазақ әдебиетінің майталман жауынгері.....	59
Рахманова Н.М. Тағлым мен тәлім.....	64
Ержанова С.Б., Алиева Ж.А.Қазіргі поэзиядағы түркілік таным көріністері.....	67
Жанұзақова Қ.Т. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркемдік әдіс, ағым-бағыттар мәселесі	70
Сәкен С.И. Қазақ тарихи эпосының танымдық мәні	73
Ергөбек С. Қазақ қиссаларының бастауы – «Қиссас-ул Әнбия» әдеби ескерткіші.....	77
Картаева А.М. Әдебиет тарихындағы дәстүр мен жаңашылдық	83
Иманғазинов М.М. Қазақ хандығына дейінгі ерте дәуір өркениетінің әлемдегі көрінісі мен болмысы.....	86
Әділбекова Л.М. Эрих Мария Ремарктың «Үш дос» романы туралы.....	90
Жылқыбекұлы Б. Сурет өлең және лирикалық «мен»	92

Сембаева А.Ғ., Балапанова Э. Қазақ тіліндегі гүл атауларының концептуалдық өрісі	336
Қанабекова Б. Қ. Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту әдісінің педагогикалық маңызы	338
Сембаева А.Ғ., Токтыбаева Г.Б. Қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың концептуалдануы	341
Маданова М. Б. Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық- коммуникативтік технологиялардың мүмкіндігін қолдану	343
Muhammet Ali Öztürk Yabancılara türkçe öğretiminde yazma becerisinin geliştirilmesi	345
Bekir Hardal Yabancılara türkçe öğretiminde kültür aktarimi	349
Elvira Seitinbetova Çok uluslu işletmelerde kültürel farklılıklar: kazakistan'da türk şirketi örneği	354
Ömer Faruk Eren Akin Bolat Janayhan'in kazakistandaki düğünlerde söylenen türkü ve maneriyorumlamasının performans teori bağlamında tetkiki	358
Бүркітбай Г. «Мәңгілік ел» идеясы және қазақ тілінде арабизмдердің игерілуі	369
Юсуп А.Н. М.Жұмабаев поэзиясындағы «От» концептісінің вербалдану құбылысы	373
Khodzhakeyeva G.E. Female authorial consciousness in literature	376
Орымбаева А.А. Г.Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романындағы интертекст	378
Ömer Faruk Kotan Yabancı dil olarak türkçe öğretiminde materyaller kullanılarak kavramların öğretilmesi	381
Рысқұлбек Д.Ж., Сатбекова А.А. Шетелдік қазақтар тілінің зерттелу жайы	385
Сүйіншіна Н., Сатбай Г. Türk Kültürünün Öğrenilmesi ve Konuşma becerisinin geliştirilmesinde Masal ve Fabların Önemi	387
Төреқұлова Қ. Мемлекеттік тілді оқыту ерекшеліктері	391
Мажитов Д.А. Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі	393
Тоғайбекова Ж.Б. Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа технологиялардың тиімді жолдары	394
Есеркеева З.К. Мектеп және мемлекеттік тіл	397
Нұрсұлтанқызы Ж. Бейвербалды амалдардың салт-дәстүр, әдет – гүршіптағы көрінісі	398